

№ 39 қазақ орта мектебі

**2020-2021 оқу жылы бойынша тәрбие
жұмысының жылдық қорытынды есебі**

Ақтөбе - 2021ж

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері (бұдан әрі – Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері) – еліміздің өміріндегі түбегейлі әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістер контекстінде әзірленген, білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде тәрбиенің жаңа мазмұнының басымдықтарын анықтайтын стратегиялық құжат.

Қазақстан Республикасы қоғамдық сананы жаңғырту ұстанымын алға қойған прогрессивті даму жолымен келеді. Қазіргі қоғамға ұлттық бірегейліктің аса маңыздылығын, мәдени контекстің, өздігінен даму, өзін-өзі тәрбиелеу және жоғары кәсіпқойлық, құзыреттілік пен тәрбиелілік, отбасы әлеуетінің рөлін арттыру негізінде табысты шығармашылық тұлға ретінде Қазақстан азаматтары мінез-құлқының жаңа әлеуметтік-психологиялық эталонын қажет етеді.

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің контенті Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында айқындалған қоғамдық сананы жаңғыртудың алты бағытын белгіледі. Олар: бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы, Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы, сананың ашықтығы.

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінде олар жіктеліп берілді және соған сәйкес, тәрбиенің базалық мазмұнын жаңартудың басым бағыттары анықталады. Осы бағыттардың мәні мен мақсаты педагогикалық жүйелер мен педагогикалық процесті ұйымдастырудың алуан түрін, барлық заманауи тәрбие кеңістігін жаңғыртудан, адамгершілік-рухани және жалпымәдени құндылықтар шеңберін кеңейтуден, жас қазақстандықтарды тәрбиелеу практикасындағы мектептің, отбасының, мемлекет пен қоғамның тұтас тәсілдемесінен тұрады.

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері тәрбиелеудің әрбір бағыты «Рухани жаңғыру» қоғамдық сананы жаңғыртудың негізгі бағыттарын, тәрбиенің заманауи тұжырымдарын, білім мен тәрбиені дамытудың әлемдік үрдістерін (жаһандану, интернационалдандыру, кіріктіру, компьютерлендіру, цифрландыру, универсалдандыру және т.б.), тәрбиенің әдіснамалық негіздері мен қағидаттарын қамтитындай түсінік пен танымнан құралады.

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері адамгершілігі жоғары, білімді, Төртінші өнеркәсіптік революцияның қазіргі заманғы әлеміне табысты бейімделуі үшін жаңа технологиялық құрылысқа бағытталған бәсекеге қабілетті адами капитал даярлауға негізделген жаңартылған мазмұндағы мектептік білім беруге кезең-кезеңмен көшудің мақсатты нұсқауларына, қағидаттары мен міндеттеріне сүйенеді. Дәл осы аспектіде білім беру процесінің тәрбиелік әлеуетін арттыруды, оқыту мен тәрбиені, оқыту мен тәрбие кеңістігін неғұрлым сапалы, әрі тиімді кіріктіруді қамтамасыз ететін технологияның, тәрбиелеу әдістемелерінің жаңа білім беру қағидаттары жетілдірілді. Тәрбие, оқу, білім беру және ақпараттық қызметтік құзыреттілікті қалыптастыруда шектелген пәндік өнімдік қызметпен сәйкес келуі керек.

Тәрбиенің тұжырымдамалық негізінің нормативтік базасын мыналар құрайды:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды) (10.03.2017 ж. берілген өзгерістер мен және толықтырулармен);

- «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» №518-ІҮ2011 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексі (02.07.2018 ж. берілген өзгерістермен және толықтырулармен);

- «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-ІІІ Қазақстан Республикасының Заңы (04.07.2018 ж. өзгерістермен және толықтырулармен);

- «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» № 345-ІІ Қазақстан Республикасының Заңы (24.05.2018 ж. өзгерістермен және толықтырулармен);

- Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазандағы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» 2002 жылғы 8 тамыздағы № 483-ІҮ Заңы (22.12.2016 ж. өзгертулермен және толықтырулармен);

- Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы (Астана қ., 12 сәуір 2017 ж.);

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 24 шілдедегі № 460 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамыту. 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы Астана, 2016 жыл»;

- Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы (Астана қаласы 21 қараша 2018 ж.);

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 1 маусымдағы № 348 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері;

- Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 30 мамырдағы № 577 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2013-2020 жылдарға арналған «жасыл экономикаға» көшу жөніндегі тұжырымдамасы;

- Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 986 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы;

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 27 ақпандағы № 191 қаулысымен мақұлданған.«Қазақстан 2020: болашаққа жол» Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы;

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 827 қаулысымен бекітілген.«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы;

- «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 8 сәуірдегі № 266 бұйрығы. «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы.

Ақтөбе облысының білім басқармасының 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін қабылдау Ақтөбе облысының білім басқармасының 2019 жылдың 19.08.№252 бұйрығымен бекітілген.

Осы бұйрықты басшылыққа ала отырып, №39 қазақ орта жалпыға бірдей білім беру мектебіндегі тәрбие жұмысының жоспары құрылды.

Тәрбиенің мақсаты:

«Өзінің төл мәдениетін сыйлайтын, басқаға өзін сыйлата алатын, ұлттық бәсекелестікке қабілеті жоғары, адамгершілігі мол, білімді де, ұлтжанды азаматты тәрбиелеу»

Міндеттері:

1. Оқушыларда жоғары деңгейде патриоттық сезімді, өз елімен мақтан етуді, азаматтық борышын адал орындауға тәрбиелеу;

2. Қоғамдағы отбасының ролін жоғарылату, отбасылық тәрбиені білім жүйесінде үздіксіз іс-әрекет ретінде енгізу, ата-аналардың мектеп өміріне қатысуы, әкелер және аналар кеңесінің жұмыстарын жандандыру;

3. Оқушыларда рухани-адамгершілік сезімді және моральдық қасиеттері мен көзқарастарын қалыптастыру;

4. Тұлғаның жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру;

5. Оқушының еңбекке деген адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру;

6. Тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту;

7. Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін кеңістік қалыптастыру;

8. Салауатты өмір салтын қалыптастырудың негізі-дені сау, рухы мықты ұрпақты тәрбиелеу, осы бағытта жұмыстарды жандандыру.;

9. Класс жетекшілерге әр оқушыны жеке тұлға ретінде тәрбиелеу, олардың, бойындағы іскерлік, біліктілік дағдыларымен қатар туған елін, жерін, мектебін және әдет-ғұрпын қастерлейтін мәдени-парасаттылық сезімін оятуды міндеттеу;

10. Оқушылар бойында адамгершілік, іскерлік, білімділік қасиеттерді жетілдіру. Бұл мақсатта өзін-өзі басқару жұмыстарын, оқушылар ұйымының жұмысын жүргізу;

Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар тұтас педагогикалық процестің өзегі бола отыра, тәрбие жұмысының барлық бағыттары арқылы өтеді.

Тәрбиенің негізгі мазмұнын жаңартудың басым бағыттары:

1. Жаңа Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбиелеу, құқықтық тәрбие
2. Ұлттық тәрбие
3. Отбасылық тәрбие
4. Рухани-танымдық тәрбие
5. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие
6. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша жас қазақстандықтарды тәрбиелеудің Тұжырымдамалық негіздерінен күтілетін нәтижелер:

бала құқықтары туралы Конвенцияға және балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау бойынша ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес балалар мен жастардың азаматтық қоғамының, жас қазақстандықтардың қоғам мен мемлекет өміріндегі қоғамдық қозғалысының рөлі мен жауапкершілігін арттыру;

балалар мен жастардың қазақстандық патриотизмінің, жауапкершілікті азаматтық сана-сезімінің, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің, толеранттылық пен тұлғаның тұрақты әлеуметтік маңызды қасиеттерінің қалыптасу деңгейінің өсуі;

жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтардың мәдениет негіздері, ана тілі мен мемлекеттік тілді және этномәдениетті құрметтеу;

тұлғаның рухани-адамгершілік қасиеттерін дамытуда білім беру мазмұнының тәрбиелік әлеуетін күшейту;

балаларды тәрбиелеуде ата-аналардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігі мен жауапкершілігін арттыру, жастарды салауатты отбасын құруға дайындау, отбасы институтын нығайтуға саналы түрде қатысу;

әлеуметтік маңызы бар отбасылық, балалар және ата-аналар бастамаларын, балалар қоғамдық бірлестіктерінің қызметін дамыту және қолдау;

тұлғаның экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуы және өзін-өзі жүзеге асыруға саналы көзқарасын; табиғатты сақтаудағы белсенді азаматтық ұстанымы; экологиялық сауаттылық пен мәдениетін дамыту;

балаларды тәрбиелеуде жалпы және қосымша білім беру жүйесінің рөлін, сондай-ақ дене шынықтыру және спорт, мәдениет саласындағы ұйымдар қызметінің тиімділігін арттыру;

балаларды тәрбиелеу саласындағы ғылыми зерттеулердің сапасын арттыру;

балалардың ақпараттық қауіпсіздік деңгейін арттыру.

жан-жақты дамыған, жоғары рухани-адамгершілік қасиеттері бар, таңдау жағдайында өз бетінше шешім қабылдауға дайын, ынтымақтастыққа және мәдениетаралық өзара іс-әрекет етуге қабілетті, ел тағдыры үшін жауапкершілік сезіміне ие адамды қалыптастыру;

Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің педагогикалық мүмкіндігі

«№39 қазақ орта жалпы білім беру» КММ-нде 42 класс комплектісі жабдықталған. 2020-2021 оқу жылы бойынша оқу жылын 1016 оқушымен аяқтады. Бастауыш класта-17 класс, орта буын-17, жоғары буын-8 класс оқиды. Сонымен қатар мектепке дейінгі даярлық топтары жұмыс жасайды. 2020-2021 оқу жылында класс жетекшілер саны-42, мектептегі класс комплектісі-42, мектептегі оқыту тілі – қазақ, әлеуметтік педагог-1, аға тәлімгер-1, мектеп психологы-2, «тәртіп сақшылары» тобы-1, құрамы-17 жетекшісі – Ермеков Әсет; «Еріктілер» тобы-1, «Адал ұрпақ» тобы-1, жетекшісі – Батырғалиев Б; «Жас Ұлан» бірыңғай ұйымы-1; жетекшісі - аға тәлімгер Құлшаева Гүлдана; мектеп кітапханышсы-2, Қонырова Н, Иламанова С; АӘД мұғалімі - Хасенов Амангелді Абишевич;

Класс жетекшілердің әдістемелік бірлестігінің жұмыстары:

Класс жетекшілер әдістемелік бірлестігі жұмысының мақсаты: Класс жетекшілердің кәсіби шеберлігін арттыра отырып, оқушыларды адамгершілік, шығармашылық деңгейі жоғары тұлға етіп тәрбиелеу, оқушы мен ата-анаға құқықтық білім беруді жетілдіру, бала тәрбиесіндегі жанұя рөлін дамыту. Қазақстандық патриотизмге, адамгершілік нормаларын, қатынас мәдениетін игеруге тәрбиелеу.

Соңғы үш оқу жылында №39 қазақ орта жалпы білім беру мекемесінің бұйрығы негізінде класс жетекшілер тағайындалған:

Оқу жылдары	2016-2017	2017-2018	2018-2019	2019-2020	2020-2021
Бұйрық №	№309	№437 02.09.2017ж	№351 31.08.2018ж	№242 02.09.2019ж	№

Класс жетекшілердің еңбек өтілі

Барлық класс жетекшілер саны	Оның ішінде							
	1 жылға дейін	3-5	6-8	9-11	12-14	15-17	18-20	20 жоғары
42	-	4	7	2	4	2	2	21

Класс жетекшілердің біліктілік деңгейі туралы мәлімет

жылдар	Пед. Зертеуші	жоғары	Пед. сарапшы	I	Пед. модератор	II	Санаты жоқ	барлығы
2020-2021	7	3	8	8	4	7	5	42

2020-2021 оқу жылы бойынша класс жетекшілердің конференция-семинарларға қатысуы

№	Класс жетекшінің аты-жөні	деңгей	тақырыбы
1	Рахат Айнур Берқайқызы	Республикалық «Ұстаз тілегі» жылыми-әдістемелік орталығы	«Ең үздік сынып жетекшісі» байқауы
2	Төлеушова Ақгул Амангелдиевна	Республикалық «Ұстаз тілегі» жылыми-әдістемелік орталығы	«Ең үздік сынып жетекшісі» байқауы
3	Алиева Айнагул Анафияқызы	Республикалық «Ұстаз тілегі» жылыми-әдістемелік орталығы	«Ең үздік сынып жетекшісі» байқауы
4	Алшоразова Гулайым Сабитовна	Республикалық «Ұстаз тілегі» жылыми-әдістемелік орталығы	«Ең үздік сынып жетекшісі» байқауы
5	Шакирова Бибизада Химанқызы	Республикалық «Ұстаз тілегі» жылыми-әдістемелік орталығы	«Ең үздік сынып жетекшісі» байқауы

6	Бибитова Венера Сактагановна	Республикалық «Ұстаз тілегі»ғылыми-әдістемелік орталығы	«Ең үздік сынып жетекшісі»байқауы
7	Буранбаевна Айгул Алдабергеновна	Республикалық «Ұстаз тілегі»ғылыми-әдістемелік орталығы	«Ең үздік сынып жетекшісі»байқауы
8	Губайдуллина Бекзат Жумабековна	Республикалық «Ұстаз тілегі»ғылыми-әдістемелік орталығы	«Ең үздік сынып жетекшісі»байқауы
9	Кожаква Манар Сейткалиевна	Республикалық «Ұстаз тілегі»ғылыми-әдістемелік орталығы	«Ең үздік сынып жетекшісі»байқауы
10	Ниязова Айгул Жоламановна	Республикалық «Ұстаз тілегі»ғылыми-әдістемелік орталығы	«Ең үздік сынып жетекшісі»байқауы
11	Тайберен Әсел Тұрақбайқызы	Республикалық «Ұстаз тілегі»ғылыми-әдістемелік орталығы	«Ең үздік сынып жетекшісі»байқауы
12	Кудьярова Жанар Мухамбетказиевна	Республикалық «Ұстаз тілегі»ғылыми-әдістемелік орталығы	«Ең үздік сынып жетекшісі»байқауы
13	Кереева Самал Айтургановна	Республикалық «Ұстаз тілегі»ғылыми-әдістемелік орталығы	«Ең үздік сынып жетекшісі»байқауы
14	Кыныртаева Айгуль Жаксылыковна	Республикалық «Ұстаз тілегі»ғылыми-әдістемелік орталығы	«Ең үздік сынып жетекшісі»байқауы
15	Таяуова Салтанат Жубаткановна	Республикалық «Ұстаз тілегі»ғылыми-әдістемелік орталығы	«Дарынды және талантты балалармен жұмыс:анықтау,дамыту,шыңдау »атты онлайн конференция
16	Кыныртаева Айгуль Жаксылыковна	Республикалық «Ұстаз тілегі»ғылыми-әдістемелік орталығы	«Дарынды және талантты балалармен жұмыс:анықтау,дамыту,шыңдау »атты онлайн конференция
17	Әлібаева Гулжайна Боранбайқызы	Республикалық «Ұстаз тілегі»ғылыми-әдістемелік орталығы	«Дарынды және талантты балалармен жұмыс:анықтау,дамыту,шыңдау »атты онлайн конференция
18	Толеушова Ақгул Амангельдиевна	Республикалық «Ұстаз тілегі»ғылыми-әдістемелік орталығы	«Дарынды және талантты балалармен жұмыс:анықтау,дамыту,шыңдау »атты онлайн конференция
19	Елшибаева Айгул Есентаевна	Республикалық «Ұстаз тілегі»ғылыми-әдістемелік орталығы	«Дарынды және талантты балалармен жұмыс:анықтау,дамыту,шыңдау »атты онлайн конференция
20	Қожаква Манар Сейткалиевна	Республикалық «Ұстаз тілегі»ғылыми-әдістемелік орталығы	«Дарынды және талантты балалармен жұмыс:анықтау,дамыту,шыңдау »атты онлайн конференция
21	Таяуова Салтанат Жубаткановна	Халықаралық ғылым мен білімді қолдау орталығы	Білім саласы қызметкерлеріне арналған «Абай әлемі»атты конференция

22	Ниязова Айгул Жоламановна	Uptest.kz сайты	«Үздік бастауыш сынып мұғалімі» онлайн байқауы (Алғыс хат)
23	Каратаева Кенжегул Медеубаевна	Халықаралық ғылым мен білімді қолдау орталығы	Білім саласы қызметкерлеріне арналған «Мұғалім еңбегі - рухани жаңғыру негізі» атты конференция
24	Шудабаева Жайнагул Мырзакановна	«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы	«Латын графикасы арқылы «Мәңгілік елге» қадам басу факторларыын педагогикалық тұрғыдан зерделеу» тақырыбында конференция
25	Батырғалиев Бекзат Курманғалиевич	«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы	«Латын графикасы арқылы «Мәңгілік елге» қадам басу факторларыын педагогикалық тұрғыдан зерделеу» тақырыбында конференция
26	Таяуова Салтанат Жубаткановна	«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы	«Латын графикасы арқылы «Мәңгілік елге» қадам басу факторларыын педагогикалық тұрғыдан зерделеу» тақырыбында конференция
27	Буранбаева Айгул Алдабергеновна	Республикалық Әдеби Қазақстан электронды ақпарат, білім сайты	«Тәуелсіздік күні» мерейтойына орай ұйымдастырылған жалпы республикалық байқауға шәкірттер дайындағаны үшін АЛҒЫС ХАТ
28	Есеналина Сауле Советовна	Республикалық Әдеби Қазақстан электронды ақпарат, білім сайты	«Тәуелсіздік күні» мерейтойына орай ұйымдастырылған жалпы республикалық байқауға шәкірттер дайындағаны үшін АЛҒЫС ХАТ
29	Кереева Самал Айтұрғановна	Республикалық Әдеби Қазақстан электронды ақпарат, білім сайты	«Тәуелсіздік күні» мерейтойына орай ұйымдастырылған жалпы республикалық байқауға шәкірттер дайындағаны үшін АЛҒЫС ХАТ
30	Шакирова Бибизада Химановна	Республикалық Әдеби Қазақстан электронды ақпарат, білім сайты	«Тәуелсіздік күні» мерейтойына орай ұйымдастырылған жалпы республикалық байқауға шәкірттер дайындағаны үшін АЛҒЫС ХАТ
31	Джаукенова Алия Бапйғалиевна	Республикалық Әдеби Қазақстан электронды ақпарат, білім сайты	«Тәуелсіздік күні» мерейтойына орай ұйымдастырылған жалпы республикалық байқауға шәкірттер дайындағаны үшін АЛҒЫС ХАТ
32	Таяуова Салтанат Жубаткановна	Республикалық Әдеби Қазақстан электронды ақпарат, білім сайты	«Тәуелсіздік күні» мерейтойына орай ұйымдастырылған жалпы республикалық байқауға шәкірттер дайындағаны үшін АЛҒЫС ХАТ

Бірінші бағыт – Жаңа Қазақстандық патриотизм және адамзаттық тәрбие, құқықтық тәрбие

Мақсаты: патриот пен азаматтың Отанға ұтымды және эмоционалды қатынасы, мемлекеттің және қоғамның заңдарын ұғыну мен сақтау, саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңсыздыққа қарсы тұру, баланың және жасөспірім ортасындағы зорлық-зомбылыққа қарсы тұруға дайын ұлтжанды азамат қалыптастыру.

Бағалау критерийлері: Отанға, мемлекеттік жүйе, мемлекеттік саясат, мемлекеттік идеология, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдары, мемлекеттік рәміздері (елтаңба, ту, әнұраны), заң және тәртіпке; ұлтаралық және конфессияаралық келісім, елдегі достық; экономикалық және әлеуметтік-мәдени даму саласындағы өз елінің жетістіктері; басқа адамның құндылықтары, құқықтары мен бостандықтары; өздерінің аймағының (ауыл, қала, маңайдағы) табиғаты, мәдени және тарихи өмірі; құқықтық білім және сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет; заңдардың, құқықтардың және міндеттердің талаптары; әлеуметтік құндылықтарға құрметпен қарау, мақтаныш пен жауапкершілік сезімін байыту.

Мектепте оқу жылының басында тәрбие бағдарламасын жүзеге асыруда оқушыларға патриоттық, азаматтық тәрбие беру бағытында іс-шаралар жоспары құрылып, түрлі жұмыстар ұйымдастырылды. Әр аптаның дүйсенбі күні I, II кезеңдегі 1-сабақ ҚР Мемлекеттік Гимнін орындаумен басталды. Әр оқу жылында ҚР Мемлекеттік рәміздері бойынша 2-11 класс оқушылардың сауаттылығын тексеру мақсатында сауалнама жүргізіліп отырды. Қыркүйек айының басы кең байтақ Қазақ елінің барша білім ордаларында, сондай-ақ, біздің мектеп алаңында да "Білім күні" мерекесі кеңінен аталып өтті. 2020-2021 оқу жылының 2 - қыркүйек күні санитарлық - эпидемиологиялық жағдайдарға байланысты мектебімізде «Сыңғырла алғашқы қоңырау!» тақырыбында салтанатты ашық тәрбие сағаттары онлайн режимде өтті.

Мақсаты: Білім күні туралы оқушылардың білімін толықтыру. Оқушылардың өз отанын сүйуге, шыншылдыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу. Мектеп табалдырығын алғаш аттаған, 1 - класс бүлдіршіндері мектепте санитарлық режимдерді сақтай отырып, салтанатты ашық сабақтарына қатысып белсенділік танытты. Ашық тәрбие сағатына класс жетекшілері класс оқушыларымен танысып, Ұлы ақын Абай Құнанбаев пен ғұлама ғалым Әбу Насыр Әл-Фараби бабамыздың өмір жолы туралы оқушыларға түсінік берді. Қыркүйек айының 10 күні «Жас Ұлан» ұйымының мектеп комитетін яғни жаңа мектеп Ұланбасын сайлау онлайн форматында ұйымдастырылып, өткізілді. Мектебіміздің 8, 9, 10 класс оқушылары өздерінің бағдарламаларын видеоролик арқылы ұсынды. Және мектептің инстаграм парақшасына жарияланып, дауыс беру арқылы өтті. 2020 – 2021 жаңа оқу жылында мектеп Ұланбасы болып, 44, 6 % процентпен дауыс жинаған 8 «А» класс оқушысы Садықова Гаухар Рақымжанқызы сайланды. Қыркүйек айының 12 күні «Жас Ұлан және Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымының стендін жаңалау жұмысын аға тәлімгер Г. Құлшаева жасады. 22 қыркүйек - Қазақстан халқының Тілдері күні. Тілдер мерекесі күніне орай ұйымдастырылған мектепшілік 5-6 кластар арасында өткізілген "Туған тілім - бабам тілім - өз тілім" атты мәнерлеп оқу онлайн байқауына белсене қатысып, қазақ ақындарының өлең-жырларын тебірене оқыған білім алушыларымызға алғыс білдірдік. Ақтөбе облысы әкімдігінің бастамасымен 29 қараша күні мектебімізде Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президент күнін мерекелеуге арналған "Қазіргі заманғы Қазақстан Елбасының көшбасшылық сабақтары" тақырыбынды жалпыреспубликалық ашық сабақ өтті. Атаулы шара Ақтөбе облысы әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімінің басшысы Ажниязов Руслан Амирхановичтің қатысуымен жоғарғы деңгейде өткізілді. Мектеп кітапханасында 7 "А" класс білім алушыларының қатысуымен кітапхана бөлімінің қолдауымен "БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ" тақырыбында сыныптан тыс сабақ өтті. Шара барысында "Кемеңгер Елбасы - ырысы еліміздің" атты көрмеге библиографиялық шолу жасалып Елбасы жайлы әдебиеттер таныстырылды, елбасымыздың рухани жаңғыру бағдарламалық мақаласында айтылған құнды пікірлері мен еңбектері насихатталды. САБАҚ МАҚСАТЫ: Рухани жаңғыруды сипаттау және патриоттық сананы ынталандыратын ұлттық құндылықтарды жаңғырту; Оқушылардың бойында ұлттық сананы ояту, жас ұрпақ санасына, туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік мақтаныш сезімін ұялату, ұлттық рухты сіңіру. Елімізде болып жатырған төтенше жағдайлардың болғанына қарамастан тірбие жұмыстары онлайн режимдеде жалғасын тапты. Жоспар бойынша қараша айының 4 күні мектебіміздің 4

және 8 класс оқушылары арасында «Ғаламдағы сенің қолтаңбаң» тақырыбында байқау ұйымдастырылып, өткізілді. Мақсаты: оқушылардың ғылыми – зерттеу жұмыстарының дағдыларын қалыптастыру. «Ғаламдағы сенің қолтаңбаң» атты Тұңғыш Президент күніне арналған ғылыми – зерттеу байқауына 6 оқушы қатысты, байқау 3 бағытта өткізілді. Осы байқауда жұмысы Үздік деп анықталған 5 «Ә» класс оқушысы Уали Нұрайдың жұмысы «Қалалық оқушылар» сарайына ұсынылып, белсене қатысқаны үшін Дипломмен марапатталды. Желтоқсан айының 3 күні мектебімізде Тұңғыш Елбасы күні мерекесіне орай тәрбие іс-шарасы бойынша ең алдымен жоспар құрылды. Жоспар бойынша бастауыш сынып оқушылары «Елін сүйген - Елі сүйген Елбасы» тақырыбында шығармалар жазды. Мақсаты: оқушылардың бойында Елбасына деген сүйіспеншілік, құрмет сезімін қалыптасытыру.

1-желтоқсан ҚР Тұңғыш Президенті күніне орай мектеп кітапханасында «Елбасы-Ел тірегі» атты кітап көмесі ұйымдастырылды.

Мақсаты: Қазақстан Республикасының Тұңғыш президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың туып өскен жері, өмір жолы, қызмет еткен кезеңдері туралы мәлімет бере отырып, халық үшін жасаған ерен еңбегін жастарға үлгі ету. «Тәуелсіздік- азаттығым, бақ күнім» - атты оқу марафон **Мақсаты:** Оқушыларға қазақ халқының бастарынан кешкен қиындықтар мен күрестер туралы айта отырып, бүгінгінің жеткен жемісі туралы айту. Тәуелсіздік күнінің тарихын ашып көрсету, халық қаһармандарымен таныстыру. Бойларына адамгершілік, отаншылдық қасиеттерін дамыту. ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай ҚР Мемлекеттік рәміздерін насихаттау, жастарға патриоттық тәрбие беру бағытында, Мемлекеттік рәміздерге арналған тәрбие іс-шаралар жоспары аясында, Мектеп кітапханасында «Ел рәміздері –ел рухы!» тақырыбында кітап көрме жасақталып, 5 класс оқушылары аралығында библиографиялық шолу өткізілді.

Мектеп кітапханасындағы жаңадан келген көркем-әдеби кітаптарға таныстырылым. (видео-ролик. челедж) «Оқуға құштар мектеп» жобасы * ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың «Білім беру ұйымдары кітапханаларын перспективалық дамыту жөніндегі Жол картасы». Білім және ғылым министрі А.Айтмағанбетовтың Оқуға құштар мектеп жобасын іске асыру мақсатында, мектеп кітапханасына жаңадан келген көркем - әдеби кітаптарға таныстырылым жасай отырып, кітап оқу челленджін жолдау. ҚР Ұлттық академиялық кітапхананың ұсынысымен «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы аясында, Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай биыл, ең үздік 30 кітап таңдалды. Аталған акцияның бағыты қазақ әдебиетінің қазыналы туындыларын насихаттау, оқу мәдениетін қолдау және дамыту, жастарды рухани және патриоттық тәрбиеге баулуға бағытталған. 7-11 класс оқушылары «Еліне сүйікті Елбасы!» тақырыбында құттықтауларын, Елбасына деген арнауларын видеоролик арқылы жеткізді. Мектеп кітапханашыларының ұйымдастыруымен «Елбасы - ел тірегі!» тақырыбында көрме, библиографиялық шолу өткізді.

Класс жетекшілерінің өткізуімен 1-11 класс оқушыларына ZOOM платформасында «Ел ертеңін ойлаған – Елбасы!» тақырыбында тәрбие сағаты мен «Тәуелсіздіктің 7 - қыры» деректі фильмін талқылап өткізді. Мектеп оқушылары жоғары белсенділікпен қатысты.

Жас Ұландар және мектеп Ұланбасы 8 «А» класс оқушысы Садықова Гауһар Рақымжанқызы Елбасы фотосуреттерінен коллаж – қабырға газеттерін жасады.

Желтоқсан айының 7 – 14 күндері аралығында «Жеті жарғы» бағытында, мектебімізде 16 – желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай мектебімізде жоспар құрылып, тәрбие іс-шаралары ұйымдастырылды. «Менің елім – менің болашағым» 5 – класс оқушылары арасында сурет байқауы, «Алтын күн аспаны» мемлекеттік әнұранды каллиграфия, әсемдеп А4 парағына жазу 7 - 8 класс оқушылары арасында және «Елім менің» тақырыбында мектеп оқушылары арасында мәнерлеп оқу және патриоттық әндер байқауы мен «Менің Қазақстаным» тақырыбында 9 -класс оқушылары арасында қылқалам жұмыстары-сырлы суреттер жұмыстары өткізілді. 10 – класс оқушылары арасында «Тәуелсіздік тағылымы» тақырыбында шығармалар, эссе, өлеңдер және 11 – класс оқушылары арасында зерттеу жұмыстары, рефераттар, тарихи деректер, Қазақстан тарихына байланысты ғылыми жобалар жұмыстары ұйымдастырылып, өткізілді. Байқауға барлық класс оқушылары жоғары белсенділікпен 62 – оқушы қатысты.

Мектебімізде 16 – желтоқсан күні «Отан» бағытында, Тәуелсіздік күніне орай Аға тәлімгер Г. Құлшаеваның ұйымдастырумен «Жас Қыран» және «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер

ұйымына салтанатты түрде қабылдау жиыны өткізілді. Салтанатты жиында ең алдымен Өнұран шырқалып, «Тәуелсіздік, Жас Қыран және Жас Ұлан» ұйымы бойынша түсініктер берілді. Жиынның ең жауапты сәті Ант тапсыру рәсімі яғни «Жас Қыранға» қабылданушы 2 – класс оқушылары салтанатты түрде Ант берді.

«Жас Қыран» төсбелгісін табыстау, мектебіміздің «Ұлан Басы» 8 «А» класс оқушысы Садықова Гаухар Рақымжанқызына міндеттелді. Жиынның қорытынды бөлімі құттықтау сөз бен аяқталып, жиынға «Жас Қыранға» қабылданушы 93 оқушы қатысты. № 39 ҚОЖББ мектебінде қаңтар айының 1-15 күндері аралығында ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай, Мемлекеттік рәміздерге арналған тәрбиелік іс – шаралар офлайн форматында ұйымдастырылып, өткізілді. Мақсаты: оқушыларды Отансүйгіштікке, адамгершілікке, Отанына, халқына адал қызмет етуге, елінің Туын, Елтаңбасын, Өнұранын қастерлеп, құрметтеуге, халқының тегін, тарихын білуге тәрбиелеу. Тақырыпқа сай алдымен жоспар құрылып, жоспар бойынша тәрбие іс – шаралары өткізілді. «Мемлекеттік рәміздерді құрметтейміз!» тақырыбында 1-11 класс оқушыларына ZOOM платформасында және офлайн түрінде ашық тәрбие сағаттары өтті.

«Мемлекеттік рәміздер – ұлт мақтанышы» тақырыбында 1-11 класс оқушылары арасында шығармашылық жұмыстар (сурет салу, қолөнер жұмыстары) ұйымдастырылды. Мектеп кітапханасының ұйымдастыруымен «Ел рәміздері – ел рухы!» тақырыбында 1-5 класс оқушылары арасында Кітап көрмесі өтті.

08. 02. 2021 күні Аға тәлімгер Гүлдана Тасқынбайқызының ұйымдастыруымен 6-7 класс оқушылары арасында ZOOM платформасында «Еліміздің рәміздерін қастерлейік» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді. Мамыр айының 1 күні мектебімізде Қазақстан халықтарының бірлігі күніне орай «Бірлігіміз жарасқан!» тақырыбында мерекелік іс-шаралар өткізілді. Мақсаты: балалардың «достық», «бірлік», «халық» құндылықтары туралы күсініктерін кеңейту, ынтымақтастыққа, достыққа, өз Отанын сүйуге, қорғауға тәрбиелеу. Мектеп оқушылары видеоролик арқылы «Бірлігіміз жарасқан!» тақырыбында құттықтауларын жолдап, «Дос болайық бәріміз!» тақырыбында бастауыш класс оқушыларына танымдық сабақтар және «Достық біздің тірегіміз!» тақырыбында сурет – қолөнер, көрме жұмыстары өткізілді.

1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні - еліміздегі ең жарқын және мерейлі мейрамдардың бірі. Соған байланысты "Ынтымағы жарасқан -туған өлкем Қазақстан " атты мәнерлеп оқу челленджі ұйымдастырылды. 1 "А" класс оқушылары челленджді 1 "Ә" класына жолдады. 1 мамыр - Қазақстан халықтарының бірлігі күніне арналған "Татулық достықтың кілті" атты 1-5 кластар арасында сурет байқауы ұйымдастырылды. Оқушылар белсенділікпен атсалысып, бар өнерлерін ортаға салды.

7 Мамыр - Қазақстан Қарулы күштері күніне орай мектебімізде "Ер қорғаны - ер жігіт" патриоттық ән байқауы ұйымдастырылды. 9 Мамыр – Ұлы Жеңіс күніне орай " Ұлы Жеңіс балалар көзімен" атты 1-4 кластар арасында сурет байқауы ұйымдастырылды. 9 Мамыр – Ұлы Жеңіс күніне орай "Жүректен жеңіс әндері"отбасылық ән байқауы өткізіліп, үйде отырса да оқушыларымыз өз өнерлерін ортаға салды. Мамыр айының 3 – 8 күндері «Отан» бағытында «Жеңістің туы желбіре!» тақырыбында мерекелік іс – шаралар ұйымдастырылып өткізілді.

Мақсаты: оқушыларды адамгершілікке, Отанын сүйуге, оны қорғауға баулу. Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру. Оларға патриоттық тәрбие беру.

«Жеңістің туы желбіре!» тақырыбында мектеп оқушылары видеоролик арқылы құттықтауларын жолдап, кластар арасында танымдық сабақтар өткізілді. Бастауыш класс оқушылары «Батырлар өлексі» тақырыбында сурет – көрме жұмыстарын жасады. Жоғарғы класс оқушылары арасында «Менің ата - әжелерім» тақырыбында эссе шығарма жазу байқауылары өтті.

Мектеп кітапханасында «Президент ұсынған 30 кітап» тақырыбында ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ 11 сынып оқушылары аралығында өткізілді. **Мақсаты:** Қазақ әдебиетінің қазыналы туындыларын насихаттау, оқу мәдениетін қолдау және дамыту, жастарды рухани және патриоттық тәрбиеге баулуға бағытталған. «Бір ел – бір кітап» акциясы аясында, ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай, жалпыхалықтық оқуға «Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына – 30 кітаптың» тізімінде, балалар әдебиетінің ағартушысы - педагог Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдығына орай, «Өнер білім бар жұрттар»

Кел, балалар, оқылық!
көңілге

кітабы

ұсынылды.

Оқығанды

Ықыласпен тоқылық!

– деп қазақ жастарын ең алдымен оқу, өнер, білім, ізгілікке, қайырымдылықты игеруге шақырған Ы.Алтынсариннің «Өнер білім бар жұрттар» атты кітабын оқып талдау.

Қазақстанның тұңғыш ғарышкері Әубәкіров Тоқтардың ғарышқа ұшқан тарихи күні. 30 жыл «Ғарышқа түрен салған қыран – қазақ!» Мақсаты: Оқушыларға ғарыш әлемі туралы түсінік бере отырып. Ғарышкерлердің еңбегін, батылдық ісін мәңгі еске сақтап, мақтан тұтуға тәрбиелеу. Ұлы жеңістің 76 жылдығына орай, №3 Қалалық кітапханамен бірлесе **«Біз ешқашан ұмытпаймыз»** онлайн апталық ұйымдастырылды. **Мақсаты:** 1. Ұлы Отан соғысы, оның зардаптары, Ұлы жеңістің мән-маңызы туралы мағлұмат беру. 2. Оқушылардың тіл байлықтарын, ойын, мәнерлеп оқу дағдыларын ұштастыру. 3. Отан үшін жан қиған аталар мен апалардың, қазіргі таңдағы арамызда жүрген ардагерлеріміздің ерліктерін үлгі ете отырып, оларды құрметтеуге тәрбиелеу; Отан сүйгіштікке, ел жандылыққа, батылдыққа, шыншылдыққа баулу.

№3 қалалық кітапханада **«Желбіре, жеңіс жалауы»** апталыққа шараға 5 класс оқушылары қатысып, Ақбай Раушан, Талғатқызы Айдана, Назарова Раушан, Төлепбаева Фатима Алғыс хатпен марапатталды. С.Жиенбаев ат. обл. жасөспірімдер кітапханасы ұйымдастырған Сағи оқуларына қатысып, Латифа Жүніс, Ақерке Ақшолақова, Тамерлан Кеңшілік Алғыс хатпен марапатталды.

Екінші бағыт – Рухани-адамгершілік тәрбие

Мақсаты: адамның рухани, моральдық-этикалық қағидаттарын, оның адамгершілік құндылықтарына және қазақстандық қоғамның әдет-ғұрыптарына сәйкес келетін рухани-адамгершілік қасиеттері мен көзқарастарын жандандыру туралы «Рухани жаңғырудың» құндылық негіздерін терең түсінуді қалыптастыру.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Рухани қазына» берілген бағыттардағы шағын бағдарламаға сәйкес қарастырылуы керек, «Жақсы кітап – жан азығы» жобасының мақсаты: туған өлкенің тарихы, мәдениеті және дәстүріне деген құрметі мен қызығушылығын ояту.

Бағалау критерийлері: моральдық-этикалық нормалардың жалпыға ортақ нормаларына моральдық көзқарасын таныту; өз абыройы, ар-намысы мен міндеті; ішкі еркіндік пен моральдық шешім қабылдау; өзінің және басқа да ұлттардың мәдениеті, салт-дәстүрі, әдет-ғұрыптары; діни құндылықтары; ойлары, сөздері мен істерінің бірлігін қабылдау; өзінің мінезін ар-ұжданның ішкі дауысымен мақұлданған әрекеттер; әртүрлі мәдениеттер мен нанымдардың бірлігін; халыққа адал қызмет ету; ата-аналарына, отанына, қоғам алдындағы міндетін жетілдіру. Осы аталған бағытта бірыңғай жұмыстар жүргізілді. Республика көлеміндегі барлық білім беру мекемелерінде бірыңғай «Адалдық сағаттары» ұйымдастырылды.

Білім күнінің алғашқы сабағында Адалдық, Парасаттылық, Әділдік және Сенім құндылықтарын насихаттау мақсатындағы мұндай танымдық сағаттар, сондай-ақ

білім ошақтарында құрылып жатқан "Адал ұрпақ" клубтарының негізгі мақсаты - жалпы адамгершілік және ұлттық құндылықтар аясында өскелең ұрпақтың бойына сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және оған қарсы тұруға дайын тұлғаларды тәрбиелеу болып табылады. Қыркүйек айында мектебіміздің акт залында "Облыстық дін істері басқармасы" ММ тапсырмасы бойынша "Аңсар" кеңес беру-оңалту орталығы қоғамдық бірлестігінің ақпараттық түсіндіру тобының мүшесі, маман М.Қалманов білім алушыларымызбен кездесіп, "Діни тұрақтылықты қамтамасыз ету мен сауаттылықты арттыру" тақырыбында дәріс оқып, түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Қазан айының 15-күні кешкі сағат 19.00 түнгі сағат 12.00 аралығында Сақтаған Бәйішев атындағы Ақтөбе облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында "Кітапхана түні" әлеуметтік-мәдени шарасы өткен болатын. Бұл түні кітапхана әдеттен тыс уақытта есігін айқара ашып, оқырмандарына ерекше форматта қызмет көрсетті. Кітапхана түніне келушілер жаңа кітап, газет-журналдар, қылқалам шеберлерінің көрмесін, жергілікті ақын-жазушылармен кездесудің, шеберлік кластарының, интеллектуалдық алаңдағы түрлі викториналық ойындардың, мерекелік концерттік бағдарламаның, жас кітапханашылар арасындағы облыстық сайыстың, караокемен ән айтудың, тақырыптық ойын-сауық кешінің, театрланған көріністердің, әдеби марафонның куәсі болды. Аталмыш әдеби марафонға мектебіміздің 4 "А" класс жетекшісі Джаукенова Алия Байгазиевна бастаған білім алушылары да қатысып қайтты.

Мектебімізде Жалпыреспубликалық "Адалдық сағаты" акциясы аясында мектеп оқушыларына "Сыбайлыс жемқорлыққа қарсы күрес" тақырыбында баяндамалар оқылды. Сағат барысында түрлі материалдар пайдаланылып, бейнажазбалар көрсетілді. Ақтөбе қаласының жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен, Ақтөбе қаласының әкімі М.Е.Абдуллин бекіткен, Ақтөбе қаласы Алматы ауданы прокурорының ұсынған жоспары негізінде, білім беру ұйымдарындағы кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында 9-11 сынып оқушылары арасында «Мен құқық бұзушылыққа қарсымын» атты 1 минуттық видеоролик түсіру бойынша байқау өткізілген болатын. Ағымдағы жылдың 8- қарашасында байқаудың үздіктерін және қатысушыларын марапаттау рәсімі өткізілді. Байқауға белсенді қатысқан мектебіміздің 7"А" класс білім алушылары мектеп абыройын биіктен қорғап, нәтижесінде алғыс хатқа ие болды.

9-желтоқсан Халықаралық Жемқорлыққа қарсы күрес күніне орай мектебіміздің барлық кластарында бірыңғай адалдық сағаты өткізілді. Ақтөбе қаласының жастар ресурстық орталығымен біріге, мектебіміздің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Батыргалиев Бекзат Курманғалиевич пен денешынықтыру пәні мұғалімі Тлеубергенов Арслан Қанатұлы бастаған бірнеше мектеп оқушылары, Набережная 50Б мекен-жайында тұратын қарт, Яковленко Валентина Леонтьевна әжейдің мекеніне бас сұғып, үйінің ауласын қалың қардан тазартып, өзге де ірілі-ұсақты жұмыстарын атқарып беріп батасын алды. Қантар айында мектебімізде Ақтөбе облысының білім басқармасының бұйрығымен 11 класс оқушыларына Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің бастамасымен жалпыреспубликалық "Адалдық сағаты" атты акциясы өтті.

Оқушыларды махаббат пен шығармашылық аясында оқушыларға махаббат, бақыттың құндылық ретіндегі мағынасы және мейірімді адам қасиеті мен өзара көмек әрекеттері туралы түсінік беріп, қамқорлық жасау, көмек көрсетудегі қабілеттерін дамыта отыра рухани адамгершілік қағидаларын өз бақыты үшін дұрыс қолдана білуге, өмірді бағалай білуге тәрбиелеу. Адам бойындағы адамгершілік қасиеттерін дамыту, өз – өзіне деген сенімін арттыру, адами қарым – қатынастарын қалыптастыру болып табылады! "Өзін-өзі тану" рухани-адамгершілік ғылыми жобасының авторы-Сары Алпысқызының жобасын қолдау мақсатында 2020 жылдың 3 ақпан күні мектебімізде "Махаббат пен Шығармашылық педагогикасы" атты онкүндіктің ашылуы өтті. "Махаббат пен Шығармашылық педагогикасы" атты өзін-өзі тану пәнінің он күндігіне байланысты мектеп кітапханасында «Мейірім төгетін ана» атты көрме ұйымдастырылды. Бұл көрмемен 5 класс оқушылары таныстырылды. Өзін-өзі тану адамгершілік-рухани білім беру бағдарламасының авторы Сара Алпысқызы Назарбаеваның өмір жолы, жалпы азаматтық рухани құндылықтарға бастайтын қайырымдылық іс – шаралары, еліміздегі адамгершілік – рухани білім беруінің дамуына қосқан өлшеусіз үлесі туралы таныстырылды, жасөспірімдерді мейірімділікке тәрбиелеп. Өзара түсіністік пен сыйластықты сақтау деген қағиданы түсіндіру. "Өзін-өзі тану": "Махаббат пен Шығармашылық педагогикасы" атты онкүндік декадаға байланысты "Руханилықтың мөлдір бұлағы" тақырыбында сурет байқауы ұйымдастырылды. Әр оқушы өз жұмысына рухани қызғушылық, махаббат және шығармашылық танытып белсене қатысты. "Сүйіспеншілікпен өмір сүру" тақырыбында 6 кластар арасында Тайберген Әсел Тұрақбайқызы онлайн дөңгелек үстел өткізді. Дөңгелек үстел мақсаты: оқушыларға қарым - қатынас жасаудың маңыздылығын түсіндіріп, сүйіспеншілік құндылығының мәнін ұғындыру. Жақсы көру, сүйіспеншілік ұғымдарының адам өміріндегі мәнін түсіндіру, сүйіспеншілікпен қарым - қатынас жасауға баулу, оқушыларды туған елін, жерін, ата - анасын сүйуге тәрбиелеу. Сүйіспеншілік – тіршіліктің тірегі. Риясыз сүйіспеншілік – тіршіліктің сәні мен мәнін келтіретін нұр әрі ең басты қуат көзі екенін оқушыларға түсіндірді. Дөңгелек үстел барысында Алдар Көсе "Күтпеген қонақ" мультфильмі көрсетілді. "Жалғастыру ойыны", "Не істеуге болмайды?" әдістері қолданылды. "Алтын жүрек анамыз" атты тақырыбында 1-6 класс оқушылары Сара Алпысқызына арналған ана тақырыбындағы арнау өлеңдерін нақышына келтіріп мәнерлеп оқыды! Ақпан айында Байтакова Айсын Мурсиновна "Қыз - елдің көркі" клубының жетекшісі мектебіміздің қыздарына "Қыз-елдің көркі" жобасының мәдени-көркемдік оқу бағдарламасы туралы мәлімет берді. Қазақ халқында «Қыз – елдің көркі, гүл — жердің көркі» деген мақал бар. Мақалдың мәні қыз баланың нәзіктігін, сүйкімділігін, салтқа беріктігін білдіреді. Өйткені қыз

баланың тәрбиелі, әдепті болып өсуіне оның өскен ортасының, бірге жүрген құрбы-құрдастарының, дос-жарандарының әсері мол. Халқымыздың «Қызың өссе, қызы жақсымен ауылдас бол», «Қызға қырық үйден тыю» деген нақыл сөздері өмір тәжірибесінен алынғаны сөзсіз екені рас. Соған байланысты кездесу барысында қыздарға: "Сән және сымбат", "Денсаулық және сұлулық", "Қыз дамуының психологиясы", "Мәдениет, өнер және поэзия", "Өзін-өзі ұстау этикеті", "Көркем сурет", "Музыка, вокал және кароке", "Ұй шаруасын жүргізу және тігін тігу", "Ұлттық салт-дәстүрлер", "Қолөнер", "Флористика", "Еуропалық және ұлттық асхана", "Қазақ биі және боди балет", "Шет тілдері" туралы айтылды. 1-наурыз еліміздің жалпыхалықтық мереке- Алғыс айту күні – ең алдымен елімізде тыныштық пен үндестік, өзара сенімділік пен барлық қазақстандықтарға деген құрметтің орнығуына негіз болған бейбітшілік пен келісім саясатының салтанатты күні соған орай 4"б" класс оқушылары мерекелік шара ұйымдастарды. Іс - шара барысында оқушылар өз өнерлерін көрсетіп, ән айтып, ұлттық ойындар ойнатылды.

Қараша айының 19 күні «Абай дана, Абай дара қазақта» тақырыбында, Ұлы ақынның туғанына 150-жыл толу мерейтойына орай «көркем сөз» оқу байқауы онлайн форматында ұйымдастырылып, өткізілді.

Мақсаты: Ұлы ақынның шығармашылығын жас ұрпақтың жүрегіне терең бойлатып, Абайдың жұмбақ әлемінің тылсым сырларына үңілту. Ғұлама Абай мұрасын, өлеңдерін, философиялық ой толғауларын насихаттау. Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың 175-жылдығына орай «Абай дана, Абай дара қазақта» тақырыбында 2 - 8 класс оқушыларының арасында мектепшілік онлайн байқау ұйымдастырылды. Әр кластан тек 1 – оқушы қатысты және әр номинация видеоролик арқылы қабылданды.

Байқаудың өткізілу тәртібі бойынша: 2 – кластар «Ұлы ақынның жыл мезгіл» өлеңдерін мәнерлеп оқу номинациясы; 3 – кластар «Ұлы ақынның портретін салу» номинациясы; 4 – кластар оқушылар шығармашылығы «Абай ата» жайлы өлеңдерін немесе арнауларын мәнерлеп оқу номинациясы;

5 – 6 кластар «Ұлы ақынның оқу, білім, ғылымға байланысты өлеңдерін мәнерлеп оқу номинациясы; 7 – 8 кластар «Абайдың тілі, Абайдың үні» атты тақырыпта шығармалар жазу номинациясы.

Байқау нәтижелері бойынша: 2 – класс «Ұлы ақынның жыл мезгіл» өлеңдерін мәнерлеп оқу номинациясы бойынша: Бас Жүлдеге ие болған 2 «В» класс оқушысы Таңатарова Әсемай, Жүлделі I орынға ие болған 2 «Б» класс оқушысы Бақытжан Нұрайым, Жүлделі II орынға ие болған 2 «А» класс оқушысы Болат Жақсығали, Жүлделі III орынға ие болған 2 «Ә» класс оқушысы Бекжан Рустам марапатталды.

3 – класс «Ұлы ақынның портретін салу» номинациясы бойынша: Бас Жүлдеге ие болған 3 «В» класс оқушысы Батырбек Аян, Жүлделі I орынға ие болған 3 «Б» класс оқушысы Талғатқызы Жұпар, Жүлделі II орынға ие болған 3 «Ә» класс оқушысы Әден Нұрайым, Жүлделі III орынға ие болған 3 «А» класс оқушысы Әбибулла Қарақат марапатталды. 4 – класс «Абай атаға арнау!» номинациясы бойынша Жүлделі I орынға ие болған 4 «Б» класс оқушысы Серікқызы Айша марапатталды. 5 – 6 класстар «Ұлы ақынның оқу, білім, ғылымға байланысты өлеңдерін мәнерлеп оқу номинациясы бойынша: Бас Жүлдеге ие болған 5 «Б» класс оқушылары Айжанов Айбар және Айжанов Айдар, Жүлделі I орынға ие болған 6 «Б» класс оқушысы Таханова Нұрай, Жүлделі II орынға ие болған 6 «В» класс оқушысы Сайлаубай Әділсері марапатталды.

7 – 8 класстар «Абайдың тілі, Абайдың үні» атты тақырыпта шығармалар жазу номинациясы: Жүлделі I орынға ие болған 8 «В» класс оқушысы Бегежанова Аяна Жүлделі II орынға ие болған 8 «Б» класс оқушысы Бақытжанова Гүлдана марапатталды. Бұл байқауға барлығы 15-оқушы қатысып, Дипломдармен марапатталды. **«Махаббат пен Шығармашылық педагогикасы»** атты онкүндік шара аясында **«Өзін-өзі тану»** адамгершілік рухани бағдарламасының авторы Сара Алпысқызының еңбек жолы мен шығармашылығы туралы **«Мейірім төгетін ана»** тақырыбында кітап көрме жасақталып, 5 кл аралығында библиографиялық шолу жүргізілді. **«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес»** тақырыбында мектеп кітапханасында кітап көрмесі жасақталып, 9 кл оқушылары аралығында танымдық сағаты өткізілді. Мақсаты: 1. “Сыбайлас - жемқорлық” деген ұғымды түсіндіріп, пайда болу жағдайлары жайлы түсінік қалыптастыру. 2.

Өз көзқарастарын білдіріп, дүниетанымдарын кеңейту.
3. Өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарау және әділдікке тәрбиелеу. **1- наурыз Алғыс айту күніне орай тәрбие іс-шаралар жоспары аясында, «Алғыс білдіру – ең асыл сөз» тақырыбында кітап көрме жасақталып, 1-4 сыныптар аралығында презентациялар сайысы ұйымдастырылып, алғыс хатпен марапатталды** **Мақсаты:**

Ризашылық күні – мейірімділік пен ізгілік мерекесі.

М.Мақатаевтың 90 жылдығына орай, №1 Абай атындағы қалалық кітапханамен бірлесе ұйымдастырылды.(онлайн)Мақсаты: Ақиық ақын,артына айрықша өшпейтін із қалдырған Мұқағали Мақатаевтың өмірі мен шығармашылығына шолу жасау. М.Мақатаевтың өлеңдері мен әндері арқылы оқушыларды әсемдікке, елжандылыққа тәрбиелей отырып, поэзия әлемінің«**Наурыз тойы мереке,салт-дәстүрім береке» атты библиодефиле, №1 Абай кітапханасымен бірлесе ұйымдастырылды. Мақсаты:** «Наурыз» мейрамы туралы түсінік беру арқылы қазақ халқының салт - дәстүрін көрсету және оны құрметтей білуге тәрбиелеу. Наурыз мерекесінің қазақ даласындағы орны, наурыз мерекесі туралы түсінік беру, Наурыз мерекесін ұлттық салт - дәстүрімізбен, әдет-ғұрпымызбен байланыстыра насихаттап, ұрпақтардың өз ұлтына деген сүйіспеншілігін арттыру.

Үшінші бағыт – Ұлттық тәрбие

Мақсаты: тұлғаны жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағыттау, туған және мемлекеттік тілге, қазақ халқының мәдениетіне, этносына және Қазақстан Республикасындағы этникалық топтарға құрмет көрсету.

Бағалау критерийлері: туған және мемлекеттік тілдерді білу; этникалық өзіндік санаға, этникалық сәйкестікке, өз халқының мәдени мұрасына, қазақ және өз халқының әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері туралы мақтаныш сезімін және жауапкершілігін көрсету; Қазақстандағы өзге ұлттардың этникалық мәдениеті; Қазақстанның басқа этникалық топтарының мәдениеті; этносаралық татулық пен келісім.Аталған бағыт бойынша мектеп оқушыларымен көптеген жұмыстар жүргізілді. Жалпы орта білім беретін мектептердің, мектепке дейінгі мекемелердің және қосымша білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында "Абай Құнанбаев - 175" тақырыбында өткізілген балалар шығармашылығының республикалық сырттай байқауына қатысып, ұлы Абай атамыздың өлеңдерін мәнерлеп оқып, сондай-ақ, мазмұнды эссе жазып байқау жүлдегерлері атанған 4 "А" класс білім алушыларымызды:Мизанова Медина - I дәрежелі диплом,Изгалиева Айсана - I дәрежелі диплом,Толепбаева Фатима - II дәрежелі диплом,Бағдат Салтанат (эссе) - III дәрежелі диплом,Класс жетекшісі: Джаукенова Алия Байгазиевна.Ата ананы құрметтеу мақсатында мектебіміздің 9-10 кластарындағы қыз балалар облыстық "Анаға тағзым" орталығына барып қайтты. Ол жерде қыздарымыз теолог маманның "Ата-анаға құрмет" тақырыбында дәрісін тыңдап, біраз жаңа мағлұматтар білді.Қыз балалармен жұмыс жүргізу барысында тәрбие ісі жөніндегі орынбасар Таяуова Салтанат Жұбатқанқызының ұйымдастыруымен 7-11 класс қыз балаларына "Ерте жүктіліктің алдын-алу" тақырыбында баяндама жасалып, бейнероликтер көрсетілді.Ақтөбе облысының білім басқармасы мен "Ақтөбе-Дарын" өңірлік ғылыми-тәжірибелік қосымша білім беру орталығының ұйымдастыруымен өткен "Әлем шуағы - Ана" тақырыбында облыстық көркемсурет байқауына қатысып, шығармашылық шеберлігін жоғары дәрежеде көрсете білгендері үшін Бекмурзина Айша бибі 8"Б" класс және Үргеншбаева Жазира 8 "Ә" класс білім алушылары Дипломдармен марапатталды. Елбасының "Рухани жаңғыру" бағдарламасының аясында ұлттық құндылықтарымызды сақтау, ұлықтау, өсіп келе жатқан ұрпақтың бойына қазақтың салт-дәстүрлерін, үрдістерін сіңіру мақсатында Ақтөбе қаласының жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен өткен "Үлгілі келін - 2019" атты қалалық байқауына қатысып, мектебіміздің абыройын асқақтатып, "Ибалы келін" атағына ие болған мектебіміздің педагог-психологы Құлшаева Гүлдана Тасқынбайқызы. "Platon" Халықаралық білім дамыту орталығының ұйымдастыруымен өткен "Қазақтың Үш бәйтерегі: Лияс Жансүгіров, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлиннің" 125 жылдық мерейтойы аясында өткен"ҮШ БӘЙТЕРЕК" атты Республикалық байқауға белсенді қатысып, ұлттық сөз өнерін биік белеске көтерген, қазақ әдебиетінің "Үш бәйтерек, үш дінгегі" атанған ұлы тұлғалардың шығармаларын жүректен жүрекке жеткізе білген жас дарындар, мектебіміздің 4"А сынып білім алушылары:Ақбай Раушан - "Екінші дәрежелі" диплом;Бағдат Салтанат - "Екінші дәрежелі" диплом;Изгалиева Айсана - "Екінші дәрежелі" дипломдарына ие

болып қайтты. Жетекшісі: Джаукенова Алия Байгазиевна. "Қыз тәрбиесі-ұлт тәрбиесі." атты мектебімізде 9-11 класс арасында қыздар жиналысы болды. Қыздың намыс мен ары, адамгершілігі оның оқуға, қоғамдық пайдалы істерге, отбасына, құрбы-құрдастары мен ұжымға қарым-қатынасына байланысты. Әрбір қыз балаға ата-анасын, ұстазын сыйлап, қадірлей білуді үйретсе, болашақта одан елін, жерін, халқын сүйетін, өз шаңырағын ардақтайтын, балаларын жанындай көретін қамқор ана, қайратты жан, нәзік ару шығары сөзсіз. Қыз баланың бойына сыпайлық, мейірбандық, адалдық, сезімталдық және еңбекқорлық сияқты қасиеттерді кішкентайынан бастап дарытуды халқымыз өте ежелден қолға алған. Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл толуына орай, № 39 қазақ орта жалпы білім беру мектебінде «Абай -дана, Абай-дара қазақта» атты қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімдерінің ұйымдастыруымен үлкен шара өткізілді. Ақынның көңілге түрлі ой салар өлеңдері мен адамзатқа ұстаз болған қара сөздері арқылы бар қазақтың жүрегінің төрінен орын тапқан әдеби апталықтың мақсаты – қазақ поэзиясының кемеңгер тұлғасының терең шығармалары арқылы жастардың ұлтжандылық сезімін ояту, елін, жерін, туған тілін сүю – Отан алдындағы қасиетті борыштары екендігін ұғындыру. Кеш барысында мектебіміздің жас мұғалімдері Абай өлеңдерін үш тілде нақышына келтіріп жеткізді. Сонымен қатар оқушылар ойшыл ақынның өлеңдерін мәнерлеп оқып, «Бұл ән бұрынғы әннен өзгереді», «Желсіз түнде жарық ай», «Айттым сәлем Қаламқас» сынды бірқатар әндерін орындады. Сондай-ақ, оқушылар ақын туралы естеліктермен бөлісіп, өздерінің арнауларын оқып, шығармаларындағы терең философия жайлы тамаша сахналық қойылымдарды орындауда данагөй бабаларымыздың рөлдерін дәлме-дәл сомдады. Сонымен қатар Абайдың балалық шағы мен шығармашылыққа бет бұрған кезеңінен бастап өмірінің соңғы күніне дейін суреттелген сахналық көрініске куә болдық. Абайдың жарқын бейнесі, жалынды жыры бізбен бірге мәңгі жасап келеді. Ол өткен заманның, кешегі түркі дүниесінің соққан тынысы болса да бізге түсінікті, жүрегімізге қонымды заман тынысы, халық үні, мәңгі өшпес жарық жұлдызы! Сонымен қатар оқушыларымыздың «Абай -дана, Абай-дара қазақта» атты тақырыпта өз қолдарымен салған газеттері, суреттері мен жүрек тебіrentкен эсселері шығармашылық бұрышымызға ілінді. «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы», демекші бүгін мектебімізде поэзия күні соған орай ұзақ үзіліс кезінде оқушыларымыз Абай өлеңдерін мәнерлеп, нақышына келтіріп жеткізе білді! Абай Құнанбайұлына арналған эсселерінде оқып бар шығармашылығы, өмірі туралы баяндады! Ақын Абай Құнанбайұлының туындылары арқылы ұзақ жасайтыны белгілі. Шамшиева Алмагүл Шердарқызының жетекшілігімен драма үйірмесінің оқушылары Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына арнап, Абайдың балалық шағы мен шығармашылыққа бет бұрған кезеңінен бастап өмірінің соңғы күніне дейін суреттелген сахналық көрініске куә болдық. Шабытты тасытқан шабыт күнінде ұзақ үзіліс кезінде оқушыларымыз құлақ құрышын қандырар қазақтың күйін күмбірлетті. «Әлем таныған Абай» тақырыбында Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл толуына орай мектепшілік көркемсөз байқауы өтті! Шараның мақсаты: Абай шығармашылығы арқылы оқушылардың бойында поэзияға деген сүйіспеншілігін ояту, мәнерлеп оқу, жатқа айту дағдысын жетілдіру және рухани көзқарастарын кеңейту болып табылады! Бұл мектепшілік шараға 1,2,3,4-класс оқушылары қатысты. Оқушылар Абай Құнанбаевтың өлеңдерін мәнерлеп жатқа айтты. Ұлтымыздың Ұлы ақыны, жазба әдебиетіміздің негізін қалаушы, дәлсапашы, дана Абайдың туғанына 175 жыл толуына орай елемізде игілікті істің бастау алғаны баршамызға мәлім. Соған орай мектебіміздің 9"Ә" класс оқушылары Ұлы ақын өлеңдерін жатқа айту эстафетасын бастап, 9 "А" класына жолдады! Мектебіміздің 7-8 класс оқушылары «АНАҒА ТАҒЗЫМ» орталығында ұйымдастырылған мерекелік іс-шараны тамашалап қайтты! Сонымен қатар 8 «А» класс оқушысы Мұратбаева Мадина және 10 «Б» класс оқушысы Жаңбырбаева Жаңылсын мерекелік іс-шарада өз өнерлерін көрсетті! Мектебіміздің мәжіліс залында қыздар кеңесінің басшысы Манас Ақбота "Ана-барлық көркемділіктің үлгісі" атты қыздар жиналысын өткізді. Жиналысқа көп балалы ана Мұртазаева Күлайхан қонаққа келіп, балаларға адамгершілік, адалдық, іс-қимыл, жүріс-тұрыс дағдысы, қыз намысы, сымбаты, қыз балалардың бойына ұлттық тәрбие мен рухани -адамгершілік, әдептілік, сыпайылық туралы мағлұмат беріп сыр шертті. Мектеп кітапханасында «КІТАП-БІЛІМ БҰЛАҒЫ» БУККРОССИНГ акциясын 12.03.2021 – 12.04.2021ж аралықта ұйымдастырылуда.. (эстафета жүйесімен) Мақсаты: Кітап оқуды насихаттау, кітапхана қорын түрлі жанрда кітаптармен молайту, оқырмандар өзі ұнаттып оқыған кітабын өзгелермен бөлісу бағытында кітапханаға кітап сыйлау, рухани мәдениетін көтеру.

Төртінші бағыт – Отбасы тәрбиесі

Мақсаты: ата-аналарды тәрбиелеу, олардың психологиялық-педагогикалық біліктілігін көтеру және балаларды тәрбиелеу бойынша жауапкершіліктерін арттыру.

Критериалды бағалау:Өзінің жанұясы мен ұрпақтарына; отбасы құндылықтары мен моральдық қағидаларды сақтау арқылы отбасы мен неке құндылықтарына этноәлеуметтік рөлге құрмет көрсету, қастерлеу.

Отбасылық тәрбие беру бағыты және ата-аналар қауымдастығымен жұмыстар жүргізуде мектеп пен отбасы арасындағы ынтымақтастықты нығайту мақсатында түрлі іс-шаралар атқарылып келеді.

Қыркүйек айының 15 күні мектебімізде онлайн форматында «Біздің тату отбасы!» тәрбие іс-шарасы ұйымдастырылып, өткізілді. Жоспар бойынша 2-7 класс оқушыларына Zoom платформасында ашық тәрбие сағаттары өткізіліп, оқушылар арасында сурет байқауы өтті. Мақсаты: балаларға өзінің жанұясын, оның бірлігі мен татулығын, жақын адамдардың қарым-қатынасын көркем өнер құралдары арқылы көрсетуге мүмкіндік беру. Ашық тәрбие сағатында мектеп оқушыларына отбасы құндылығы, ата-ананың отбасындағы рөлі, бала тәрбиесі, ата-ана беделі туралы түсініктер беріліп, «Отбасы- тәрбиенің тал бесігі» тақырыбында видеоролик көрсетіліп, оқушыларға насихатталды. «Біздің тату отбасы!» тәрбие іс-шарасына 2-7 класс оқушылары белсене қатысып, шара өз мақсатына жетті.

22 - Наурыз мектебімізде «Келіні жақсының – керегесі алтын!» тақырыбында ұстаздар арасында онлайн байқау ұйымдастырылып, өткізілді. Мақсаты: наурыз мейрамы туралы түсінік беру арқылы Қазақ халқының салт-дәстүрін көрсету және оны құрметтеу. Байқау 3 кезеңнен тұрды:

1. Өзін – өзі таныстыру;
2. Өз өнерін көрсету;
3. Дәм думан. (1 ұлттық тағамды дайындап, көрсету)

Байқауға мектебіміздің 7 ұстазы қатысты. 3 – тур бойынша жұмыстарды видеоролик арқылы жіберіп, әділ – қазылар алқасы критерилер бойынша бағалады. «Келіні жақсының – керегесі алтын!» тақырыбында өткен онлайн байқаудың нәтижесі бойынша:

1. Бас Жұлдеге ие болған – информатика пәнінің мұғалімі Дайтова Нұрбану;
2. Жұлделі I орынға ие болған – қазақ тілі пәнінің мұғалімі Молдашова Гаухар;
3. Жұлделі II орынға ие болған – география пәнінің мұғалімі Ерсәева Әсел;
4. Жұлделі II орынға ие болған - бастауыш білім беру пәнінің мұғалімі Бахбергенова Зина;
5. Жұлделі III орынға ие болған – орыс тілі пәнінің мұғалімі Джанасаева Гульсим;
6. Жұлделі III орынға ие болған - бастауыш білім беру пәнінің мұғалімі Төлеушова Ақгүл;
7. Жұлделі III орынға ие болған – тарих пәнінің мұғалімі Макимова Амангүл.

Бесінші бағыт – Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

Мақсаты: кәсіби өзін-өзі анықтауға, адамның экономикалық ой-өрісін және экологиялық мәдениетін дамытуға деген саналы қатынасты қалыптастыру.

Критериалды бағалау:кәсіптік білім мен өнімділікті дамытуға жауапты қатынастың көрінісі; мамандық таңдаудағы жауапкершілік; қызмет орнында көздеген мақсаттарына жету; экономикалық және экологиялық даму саласындағы мемлекеттік саясатқа, атап айтқанда «Жасыл экономика» бағдарламасына деген оң көзқарас; өсімдіктерге, экологиялық сауаттылыққа, табиғатқа, айналаңыздағы адамдар және өзіңізге құрметпен қарау; «адам - қоғам - табиғат» жүйесі; қоршаған ортаны қорғау саласындағы әртүрлі іс-шаралар; нарықтық экономиканың заңдарын түсіну; экологиялық қауіпсіз мінез-құлық нормаларына, қоршаған ортаны құрметтеуге деген саналы көзқарастың көрінісі.

Қазан айының 20 күні «Экоәлем» бағытында, мектебімізде 5-8 класс оқушылары арасында онлайн форматында «Uphomoment» тақырыбында челенджі ұйымдастырылып, өтті. Оқушылар белсенділікпен қатысты. Бұл челенджге оқушылар тазалық яғни жерде жатқан қоқыс қалдығын, қоқыс контейнеріне жеткізу болды. 5-8 класс оқушылары арасында ұйымдастырылған байқауға 15-оқушы қатысты. Мақсаты: балалар мен жасөспірімдер арасында экомәдениетті қалыптастыру.

Осы байқауда видео челенджи үздік деп танылған 7 «В» класс оқушысы Сағындық Ержан АЛҒЫС ХАТПЕН марапатталды. Қазан айының 24 күні «Экоәлем» бағытында, мектебіміздің 8-10 класс оқушылары арасында «Таза Әлем!» тақырыбында сурет көрмесі ұйымдастырылды. Мақсаты: оқушылардың қоршаған ортаның өзекті мәселелеріне назар аудару. Байқауға 5 – оқушы қатысты. Оқушылардың тақырып бойынша салған А3 – А4 форматындағы сурет жұмыстары жақсы, өте жақсы деп бағаланды. Әділ-қазылар алқасының шешімімен жүлделі I, II, III орындар бойынша жұмыстар іріктелді. **Байқау қорытындысы бойынша:**

Жүлделі I орынға ие болған 8 «А» класс оқушысы Танашикаова Аяулым;

Жүлделі II орынға ие болған 9 «Ә» класс оқушысы Ургеншбаева Назира;

Жүлделі III орынға ие болған 10 «Б» класс оқушысы Жанабаева Камила және 8 «В» класс оқушысы Муханова Айдана марапатталды. «Таза Әлем!» тақырыбында сурет көрмесінде Жүлделі I орынға ие болған 8 «А» класс оқушысы Танашикаова Аяулым қалалық оқушылар сарайының ұйымдастыруымен өткен сурет (көрме, плакаттар) байқауына жұмысы ұсынылып, МАДАҚТАМА мен марапатталды.

Қазан айының 27 – 31 күндері аралығында «Экоәлем» бағытында, мектебіміздің бастауыш класс оқушылары арасында отбасылық «Біз біргеміз!» акциясы аясында Біз тазалықты қолдаймыз атты челендж ұйымдастырылды. Мақсаты: тазалыққа, ұқыптылыққа, денсаулығын күтуге тәрбиелеу. Өз ауламызды, қаламызды таза ұстауға тәрбиелеу. 1 - 4 класс оқушылары мен отбасы ата-аналары мен бірге өткен челенджге 16-отбасы мен оқушылары қатысты. Видеоролик арқылы өз ауласына тазалық жұмыстарын жасап, бір-бірлеріне класс - класс арқылы жолдады. Ата-аналар мен оқушылардан құралған отбасылар осы ұйымдастырылған челенджге белсенділікпен қатысты.

Алтыншы бағыт – Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі

Мақсаты: әр адамның интеллектуалды мүмкіндіктерін, көшбасшылық қабілеті мен дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетінің дамуын қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру.

Бағалау критерийлері: өмір бойы білім алу үшін икемділікті, ашықтықты талап ететін; өз бетінше білім алу және ақпаратты пайдалана білу; сыни тұрғыдан ойлау, алынған ақпаратты талдау және тиімді пайдалану қабілетін дамыту; зерттеу және жобалау іс-әрекеті, инновацияларға қабілеттілігі дағдыларын меңгеру; пікірталасты жүргізу дағдыларын дамыту; жасампаздық қызмет; командада жұмыс істеу, корпоративтік рухты нығайту; ақпарат көздерін сыни тұрғыдан іріктеу; Интернет-қоғамдастығына қосылу; Интернеттегі девиантты мінез-құлыққа қарсы тұру; Интернет-сауаттылықты, сандық және функционалды сауаттылықты қалыптастыру; ақпараттық қызметтегі этикалық нормалар; жоғары ақпараттық мәдениетті қалыптастырудағы жаңа дағдылар.

Мектебімізде қазан айының 19 күні 3 - 4 класс оқушылары арасында, «Мектебімді сағындым!» тақырыбында сурет байқауы ұйымдастырылды. Байқауға 19 – оқушы қатысты. Әділ – қазы мүшелері байқау тақырыбына сәйкес келетін жұмыстарды таңдап алды. Әділ – қазылар алқалары жұмыстардың дағдысын, айқындылығын және аяқталуын бағалай отырып, кәсіби қорытынды беріп, жалпы берген дауыстары бойынша жүлделі I, II, III орындарға 5 жұмыстар іріктелді. **Байқау қорытындысы бойынша:**

Жүлделі I орынға ие болған 3 «В» класс оқушысы Беркумбай Нуржігіт; Жүлделі II орындарға ие болған 3 «В» класс оқушысы Дәулетияр Рамазан және 3 «Ә» класс оқушысы Рамазан Жансая; Жүлделі III орындарға ие болған 4 «А» класс оқушысы Ерназар Уәлиахмед және 4 «Ә» класс оқушысы Жәрдем Аружан марапатталды.

Қаңтар айының 18 күні мектебімізде «Руханият» бағытында, 1-2 класс оқушылары арасында онлайн форматында «MISTER & MISS - 2021» байқауы ұйымдастырылып өткізілді. Жобаға қатысу үшін 1-2 класс оқушыларына байқауы бойынша төмендегідей талаптар қойылды:

1. Әдемі сурет;
2. Өзін – өздері таныстыру;
3. Кез – келген өнер (ән, би, тамақ жасау, өлең, оқу, спорт, аспапта ойнау және т.б.)

Мектебіміздің 1-2 класс оқушыларынан 1 – жұптан шығып белсенділікпен қатысы. «MISTER & MISS - 2021» байқауы бойынша Үздік деп танылған 1 «Ә» класс оқушылары Қанатбаев Азиз бен

Кенжегулова Райианның жұмыстары «Қалалық оқушылар» сарайына ұсынылды.1 «Ә» класс оқушылары Қанатбаев Азиз бен Кенжегулова Райиан СЕРТИФИКАТ пен марапатталды.

Наурыз айының 2 күні «Алғыс айтудың шексіздігі» тақырыбында танымдық сабақтар өткізілді. Бастауыш класс оқушылары видеоролик арқылы Ұстаздарға, ата -аналарына, сыныптастарына алғыстарын жолдады. Наурыз айының 8 күні мектебімізде «Ана – гүл, ана – жыр, ана – өмір шуағы» тақырыбында мерекелік құттықтау видеороликтері және кластар арасында танымдық сабақтар өткізілді.

Бастауыш класс оқушыларының арасында «Гүл сыйлаймын Анама!» тақырыбында қолөнер -көрме жұмыстары ұйымдастырылып, өткізілді.

«Кітап – сарқылмас рухани әлем»- атты мектебіміздің алғаш табалдырығын аттаған 1 сынып оқушылары мектеп кітапханасы мен танысуға келіп,экскурсиялық саяхат жасалды. Экскурсия барысында алғашқы оқырмандарға кітапхананың ережелерімен таныстырылды,сонымен бірге кітапханада қандай қызықты ертегілер,балаларға арналған журналдар мен газеттер бар екені және кітап көрмелерімен таныстырылды.Кішкентай бүлдіршіндерімізді алдағы уақытта кітапхананың белсенді оқырмандары болатынына сенімдіміз.**Оқу күніне орай «Ертегілер еліне саяхат» атты кітап көрме жасақталып балалар ертегілер әлемімен танысып оқуға қызығушылық танытуда. Мақсаты:** оқушылардың рухани ой-өрісін дамыту,жеке тұлға ретінде қалыптасуына бағыт-бағдар беріп, кітап оқуға деген қызығушылықтарын арттыру.**«Күнге бет алған керуен» әдеби вираж онлайн өткізілді. Мақсаты:** Оқушыларға Аристотельден кейінгі екінші ұстаз Әл-Фарабидің өмірі, еңбек жолы туралы түсінік беріп, ғұламаның жаң-жақты ерекше тұлға болғандығын анықтау мақсатында ізденіс жүргізу. Халқымызға білімнің, ілімнің нәрін сепкен аса ірі тұлға Әбунасыр Әл-Фараби мұраларынан нәр алғызып, оқушыларды туған жерге деген сүйіспеншілікке, адамгершілікке тәрбиелеу. *Мектеп кітапханасындағы жаңадан келген көркем-әдеби кітаптарға таныстырылым.* Оқуға құштар жобасы аясында шығарылған «Кітапханада жаңа кітаптар» топтамасын таныстыру мақсатында кітап көрме жасақталып, 2 класс оқушылары аралығында Оқу сағаты өткізілді.

Мақсаты: Оқуға деген қызығушылықты арттыру, оқу дағдыларын қалыптастыру. Сөздік қорын байыту болып табылады.

Жетінші бағыт – Көпмәдениетті және көркем - эстетикалық тәрбие

Мақсаты:жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның тәрбиеге дайындығын дамыту, меңгеру, өнердегі эстетикалық нысандардың бағасы, білім беру ұйымдарында көпмәдениетті ортаны құру.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы шеңберінде аталған бағытқа сәйкес «Қазіргі кездегі қазақ мәдениеті» атты арнайы жобасында қарастыру.

Бағалау критерийлері: толеранттылық пен жаһандық ойлауға көп мәдениетті және көп тілді; мемлекеттік, ресми және басқа да шет тілдерін білетін, мәдениетаралық байланыс; әртүрлі мәдениетке, сол немесе өзге де мәдени орталықта өзін-өзі ұстау нормаларына; тілдік және сөйлеу мәдениеті; эстетикалық идеалға, көркем құндылықтарға; шығармашылық ойлау және елестету, көркем эстетикалық қызмет, құрмет көрсету қарым-қатынасын қалыптастыру;

Қыркүйек айының 18 күні «Зерде» бағытында, 39 ҚОЖББ мектебінде 4 класс оқушылары арасында «Ең үздік математик» зияткерлік байқауы ұйымдастырылды. Мақсаты: оқушылардың математикалық ойлау қабілетін дамыту, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру.2 кезеңде жүйрік ойымен, тапқырлығымен оза шапқан 4 «Ә» класс оқушысы Мырзағалиева Ләзиза болды. Ләзиза «Қалалалық оқушылар» сарайының ұйымдастырып – өткізген «Ең үздік математик» байқауына қатысып, Жұлделі ІІІ орынмен марапатталды.

Қазан айының 12 күні «Еңбек» бағытында, мектебімізде онлайн форматында 1-4, 5-8 класс қыздары арасында «Алтын Күз» және «Күз Аруы» байқауы ұйымдастырылып, өткізілді.Мақсаты: оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту, табиғатты сүйуге тәрбиелеу.Бұл байқауға әр кластан тек 1-оқушы қатысты. Ең алдымен жоспар құрылып, әділ-қазылар алқасы сайланып, байқау онлайн форматында өтті.

Байқау қорытындысы бойынша: «Алтын Күз» және «Күз Аруы» байқауында Бас Жүлдені иеленген 3 «В» класс оқушысы Ғалел Мерей. Жүлделі I – орынға ие болған 2 «А» класс оқушысы Сакен Мадина

Жүлделі II – орындарға ие болған 4 «А» класс оқушысы Болат Ақжүніс және 3 «Б» класс оқушысы Берік Айым. Жүлделі III – орындарға ие болған 2 «В» класс оқушысы Таңатарова Әсемай, 5 «Ә» класс оқушысы Тәжен Нұрасыл және 1 «Ә» класс оқушысы Жаңабай Зере марапатталды.

Ал номинациялар бойынша: «Алтын Күз және Күз Аруы» байқауына белсене қатысқаны үшін «Ең аспазшы ару» атанған 5 «А» класс оқушысы Ақбай Раушан, «Ең шебер ару» атанған 1 «Б» класс оқушысы Дидарқызы Дария, «Ең талантты ару» атанған 1 «В» класс оқушысы Суюндыкова Назерке «Ең өнерпаз ару» атанған, 4 «Б» класс оқушысы Сейтова Айлана, «Ең өнегелі ару» атанған 3 «Г» класс оқушысы Медетова Көркем, «Ең инабатты ару» атанған 6 «А» класс оқушысы Бекеева Жуманур марапатталды.

Ақпан айының 18 күні «Қалалық оқушылар» сарайының ұйымдастыруымен «Жас Ұлан және Жас Қыран» ұйымының 10 жылдық мерейтойына орай, фотосуреттер байқауын өткізді. Аға тәлімгер Г. Құлшаеваның жетекшілігімен мектебіміздің Ұланбасы Садықова Гаухар фотосурет жұмысын ұсынып, қатысқандығы үшін СЕРТИФИКАТ пен марапатталды.

Мамыр айының 25 күні «Отан» бағытында «Сыңғырла соңғы қоңырау!» тақырыбында салтанатты жиын өткізілді. Мақсаты: адамгершілік құндылықтары берік негізі бар нәтижеге бағдарланған жан – жақты тұлға қалыптасуына бағыт – бағдар беріп, туған жеріне, мектебіне, ұстаздарына, ата -аналарына деген сүйіспеншілік, ризалышылық сезімін дамыту. «Сыңғырла, соңғы қоңырау!» тақырыбында өткен салтанатты жиынға 11 класс оқушылары, мектеп ұстаздары, ата –аналар қатысты. Ең алдымен бітіруші жас түлектер класс жетекшілерімен ортаға құрметпен шығарылып, ҚР мемлекеттік «Гимні» орындалды.

Мектебіміздің 4 класс әнші балапаналарының «Елің үшін самға» әнімен бастау алып, мектеп директоры Амитжанова Индира Базаралықызы 2020 – 2021 оқу жылындағы қалалық-облыстық олимпиадалардың жеңімпаз оқушыларын марапаттап, мектепті бітіруші түлектерге ақ жол тіледі.

1 класс бүлдіршіндері, жас түлектерге ақ тілектерін жолдап, «Алтын белгіге» үміткер 11 «А» класс оқушысы Нұрлыбек Нұрлы және 11 «Ә» класс оқушысы Жанғожаева Зәуреш «Білім кілтін» ақ тілегін жолдаған 1 «Ә» класс оқушысы Қанатбаев Азизге табыстады.

Мектеп бітіруші жас түлектердің «Қоштасу вальсі» мен жалғасып, ата -ана Байтерекова Эльмира Ивановна өзінің ақ тілегін мектеп ұжымына арнаса, 11 «Ә» класының класс жетекшісі Кайырова Жанна Мамытбайқызы мектеп бітіруші жас түлектерге ақ тілегін арнады.

«Балалар әлеміне саяхат» аясында каникул кезінде балалар өз уақытын тиімді пайдалану мақсатында оқу күні ұйымдастырылды, онлайн форматта өткізу барысында өз бетімен оқыған ертегілерін әңгімелеу тыңдалымы **Мақсаты:** оқушылардың рухани ой-өрісін дамыту, жеке тұлға ретінде қалыптасуына бағыт-бағдар беріп, кітап оқуға деген қызығушылықтарын арттыру.

Сегізінші бағыт – Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Мақсаты: салауатты өмір салты дағдыларын табысты қалыптастыру, дене және психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтай білу үшін кеңістік құру.

Бағалау критерийлері: денсаулық жағдайының скринингін; әлеуметтік мақсаттар мен рухани қажеттіліктерін тілеу және соған дайын болу; теріс әсерлерге қарсы тұрудың тиімді тәсілдерін меңгеру; табиғи алғышарттарды ұтымды пайдалану; денсаулықты сақтау мен нығайту, қауіпсіз және жауапкершілікті мінез-құлық; жаңа өмірлік жағдайларға сабырлы болу; қауіпсіздік пен тіршілік әрекетін қамтамасыз ету; денсаулық сақтау ортасын құру. Аталған бағыт бойынша мектебімізде бірқатар жұмыстар жүргізілді. Қалалық салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында мектебімізде жаппай денешынықтыру жаттығулары жасалды. Білім алушыларымыздың қатысуымен өткен бұл акцияның басты мақсаты: өскелең ұрпаққа салауатты өмір салтын ұстану мәдениетін қалыптастыруды насихаттау еді. Жаттығу жүргізу мектеп алаңында еліміздің Әнұранымен салтанатты түрде басталып, әрі қарай көңілді сергітерлік әр түрлі әуен ырғағымен бірге жасалған таңғы жаттығулармен жалғасын тапты. «Халықтың салауатты өмір салты

мен денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі білімі мен хабардарлығын арттыра беру міндет. Халық арасында спорттың бұқаралық сипат алуына және спортты насихаттауға ерекше ден қою керек...» -деп, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында айтқандай, өскелең ұрпақ-біздің ертеңіміз болғандықтан олардың спорттық білімдерін арттырып қана қоймай, осындай акцияларды көптеп ұйымдастыру жастардың салауатты өмір салтын дұрыс ұстануға өз септігін тигізері сөзсіз!

Ақтөбе облысының ЖИТС орталығының маманы Матаева Меруерт Қанатовна мектебіміздің жоғары класс оқушыларымен онлайн кездесу өткізілді. Кездесудің мақсаты-жоғары класс оқушыларының АИТВ мәселесі бойынша ақпараттану және білім деңгейін арттыру.Кездесу барысында жұқтыру жолдары, стигма және дискриминация-осы және басқада тақырыптар қозғалды. Жалпы кездесуде сұрақтар қойылып, маман осы тақырып бойынша түсініктеме берді.

Қараша айының 2 күні «Салауат» бағытында, мектеп медбикесі М. Базарбаева, мектеп оқушыларына ZOOM платформасы арқылы «СПИД - ҒАСЫР ІНДЕТІ!» тақырыбында түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Мақсаты: оқушылардың жаман әдеттен аулақ болуға, адамгершілікке, инабаттылыққа, ел жандылыққа тәрбиелеу.

Кері байланыс ретінде оқушылар сұрақтарын қойып, жауаптарын алды. Қабырға газетін жасауда бастауыш сынып оқушылары белсенділікпен қатысты. А3 – А4 форматында тақырып бойынша оқушылар сурет салып, қылқалам - гуашпен бояды.«Спид – ғасыр індеті!» тақырыбында ұйымдастырылған қабырға газетін жасауға 15 бастауыш класс оқушылары белсенділікпен қатысты.

СПИД ҒАСЫР ІНДЕТІ



Кертартпа діни ағымдардың алдын алу бағытында жүргізілетін жұмыстар туралы

2020-2021 оқу жылы бойынша кертартпа діни ағымдардың алдын алу бағытында жұмыстар жоспарлы түрде жүргізілді. Оқу жылының басында «Діни экстримизмнің алдын алу» мақсатында жоспар құрылып бекітілді. Қыркүйек айында дінге бейім оқушыларды анықтау мақсатында зерттеу жұмыстары жүргізіліп ҚББ хабарлама берілді. 8-10 кластар аралығында қыркүйек айында «Отбасы, мектеп, дін» тақырыбында діни сабақтар өткізілді. «Дін және біз» түсіндірме жұмыстары жүргізілді. «Кертартпа діни ағымдардың алдын алу» теолог мамандармен онлайн-кездесу ұйымдастырылды. Қазан айында оқушылардың діни сауаттылығын кеңейту және кертартпа діни ағымдар туралы мәліметтер беру мақсатында қазан айында «Діни сауаттылықты арттыру бүгінгі күннің басты талабы» тақырыбында мектептегі дінтану пәнінің мұғалімінің ұйымдастыруымен 10-11 кластар аралығында дөңгелек үстел болып өтті. Қараша айында оқушылардың дінге деген психологиялық көзқарасын анықтау үшін сауалнама алынды. Класс оқушылары өз ойларын ортаға салып, мазмұнды да мәнді болды. 2020 оқу жылының қазан айында «Жастарға дәстүрлі дінді түсіндіру және діни ағымдардың алдын алу» тақырыбында 9-11 класс оқушыларымен дін маманымен кездесу болды.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Жарлығымен бекітілген Қазақстанда Отбасы күнін мерекелеу шеңберінде "Отбасы-бақыт мекені" республикалық апталық аясында мектебімізде ағымдағы жылдың 8-қыркүйегінде кәмелетке толмағандар арасында суицидтік мінез-құлықтың, құқықбұзушылықтың, деструктивті діни ағымдарды енгізудің алдын алу мәселелері турасында толыққанды ақпарат беру мақсат етілді. Қонақ ретінде шақырылған Ақтөбе облысының дін істері басқармасына қарасты "Аңсар" ақпараттық талдау орталығының теолог маманы - Мейірбек Қалманов ата-аналарды өзекті дін мәселелерімен таныстырып, ақпараттық кеңістіктегі насихатталып жатқан теріс ағымдардан балаларын барынша қорғауға шақырса, мектеп инспекторы

жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықты әңгімеледі. Мектеп психологтары болса, ата-аналарды балалар арасындағы интернет-тәуелділіктің қалыптасуын, жасөспірімнің суицидтік мінез-құлқының және депрессияның алдын алу жолдарын, жалпы баласының психологиялық болмысын қадағалап, үнемі қолдау көрсетуді ұмытпауға шақырды.

Мектеп қабырғасында жоғары класс оқушыларына арнайы шақыртылған, Ақтөбе облысының дін істері басқармасына қарасты «Аңсар» ақпараттық талдау орталығының теолог маманы - Мейірбек Қалмановпен қазіргі замандағы діни ахуал төңірегінде түсіндірме жұмыстарын жүргізген және мектеп инспекторымен маңызды кездесу ұйымдастырылды. Шараға 9-10-11 класс оқушылары қатысып, оларға дін мәселелері жөнінде толық ақпараттық-танымдық мағлұмат берілді және қатысушыларды толғандырған сауалдарға жауап берілді.

